

ПАВЛОДАРСКАЯ ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
ҰСТАЗДАР ГАЗЕТІ

БОЛАШАҚ БҮГІННЕН БАСТАЛАДЫ

Издается с 2003 года

1 июня 2011 г. № 11 (202)

2011 жылғы 1 маусым

ҚОРЛАН НЕМЕРЕСІ - ҚҰРМЕТТІ ҰСТАЗ

Бүкіл қазақ елі шырқайтын ән патшасына айналған Қорланның туған немересі Гүлсім Назымбекқызы Ақсуда тұрып жатса да, кездесіп, әңгімелесудің сәті енді түсті. Гүлсім Назымбекқызы БАЙСОВА Ақсу қаласындағы № 7 мектепте директор болып абыройлы еңбек етуде.

Кабинетіне кіргенімізде Гүлсім Назымбекқызы өзінің ақ жарқын, ақ жүректі, саңқылдаған, ашық - жарқын жайдары мінезімен бізді қарсы алды. Екі дипломның иесі, жоғары білімді, жоғары санаттағы ұстаз бүгінгі күні № 7 мектепті басқарып отыр. Ұжымына сыйлы басшы, отбасын ұйытқыдай ұйытып отыр аяулы ана, ардақты әже. Жолдасы Қапсамат Қабдырахманұлы Баисов Павлодарда қызмет істейді. Қос қанаты қос ұлы Ербол - Әсем мен Ілияс - Гүлден Шарбақты ауданында өз отбасыларымен тұрып, еңбек етіп жатыр. Жалғыз қыздары Әсем биыл тұрмысқа шықты. Осы балаларынан Алмас, Дарина, Дінмұхамед, Нұрислам атты немере көріп отырған Гүлсім мен Қапсамат бақытты жандар.

- Мен өзі бес ағамның ортасында ерке өскен жалғыз қызбын,- деп әңгімесін әрі сабақтады Гүлсім Назымбекқызы. Ағаларым Қанат, Қайыргелді, Сайлаубек, Ермөкжан, Ихсан бәрі де өзінің дінін берік ұстаған азаматтар. Ағам Қайыргелді Алтай өлкесі Славгород қаласында мешіт салып жатыр. Бәрі де дін жолында. Анамыз Асқап Қуатова бүгінгі күні 84 жаста. Алтай өлкесінде Славгород ауданы, Қуатовка ауылында тұрады. Мен өзімді атақты Қорлан әжемнің немересі болғанымды мақтан тұтамын. Қорлан әжеміз дүниеден өткенде менің әкем бар-жоғы 12 жаста екен. Біз енді әжемізді көрген жоқпыз. Бірақ, сұлулықтың символына айналған Қорлан әжемді мақтан етемін. Оны бүкіл халық жақсы біледі. Сонау зобалаң жылдары Қорлан әжеміз нағашыларын сағалап келіп, тұрып жатқанда, сол жерде бұрынғының әдеті бойынша үлкендер атамызбен аттастырған ғой. Алланың жазуы, аталарының атастыруымен дәм-тұздары жарасып өмірден сыйласып өткен Нұрмағанбет пен Қорланның артында ұрпақтары қалған. Нұрмағанбеттің ұлы Назымбек. Назымбектен біз тарадық. Оны мен жоғарыда айттым. Келін болып түскен жерін сұлулығымен сүйсіндіріп, ақыл-парасатымен тәнті еткен Қорлан әжеміз сол өңірдің салықалы бәйбішесі атанып, күіеуі Нұрмағанбеттің сезіміне селкеу түсірмей, бұл пәніден бақиға таза аттанған екен.



Ол жөнінде бізге анамыз айтып отырды. Фашист басқыншыларымен соғыс басталғанда майданға алынған ұлы Қабилен 1942 жылы Сталинград түбінде ерлікпен қаза тапқан соң кешірім жасалынып Нұрмағанбет атам еліне оралып, 86 жыл жасап, ағайын-туған арасында көз жұмады. Қорлан сұлудай сыңарынан қапылыста айырылған Нұрмағанбет атамыз кейіннен түтін түтетпей, жалғыздықтың күйін кешіпті. Қорлан әжеміздің басына белгі тас орнатқан, оны ұйымдастырып, ас берген, ұрпаққа үлгі болар іс тындырған азаматтарға, әсіресе қазақ руханиятының жанашыры, жерлесіміз Қуат Есімхановқа, Сұлтанмахмұт Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің ректоры Ерлан Арынға, «Гульнара-Тур» фирмасының директоры Тілеубек Сыздықов ағаларымызға ризашылығым шексіз. Аттылы кісі бойындай белгітастан жамылғысы сыпырылғанда тасқа қашалған «Бұл қорымда Қазақ халқының хас сұлуы Қорлан (Қорлығайын) жерленген (1878-1937). Қыпшақ қызы» деген жазу көзге оттай басылса, төменгі жағында «Дарига, өлмейтұғын өнге айналған, Дүниеге қайта келмес қайран Қорлан...» деген өлең жолдары жазылған. «Ессіз ғашық болған Естайдың сезімі оны атақты композитор етті» дейді тарихшылар. Белгілі ақын Мұхтар Шаханов «Ғашықтық

ғаламаты» өлеңінде Естайдың соңғы сезін: - Көлмен көлдей, таумен таудай теңдесе, Белдесуге талап қылдым мен неше. Елу бір жыл ғашық болдым Қорланға, Елу бір жыл өмір сүрдім, ендеше... деген жолдармен бүгінгіге жеткізеді. Қорланға бұл туралы айтқанда:

- Егер олай етпесе, Естай, Естай бола ма? Онсыздағы жаны сұлу балаңа, Сұлу өлім сыйлапсың-ау, Жер-Ана» - деп еңкілдеп жылаған екен. Кейін өзі қылтамақтан елерде бойжетіп қалған немересіне Естайдың әнін салдырып, «Бақыттымын, бақыттымын» деп мәңгілікке көз жұмыпты.

Құдайға шүкір, ақынның сазды әндері ғана емес, кейіпкерлері де ұмытылған жоқ. Естайдың есін алған Алтайдағы Сұлтан бидің сұлу қыздарының бірі сол Қорланның зираты қайтыс болғаннан кейін жетпіс жылдан соң табылып, басына ескерткіш орнатылды. Қазақстандық бір топ меценаттар жиналып алдымен Естай ақынға, содан кейін Алтай өлкесінде жатқан оның ғашығы Қорланның басына ескерткіш тас қойды. Өткенге сәл шегініс жасасақ, Естай ғашық болған Қорлан әкесінің қалауымен басқа біреуге күйеуге шығады. Естай ақын басқа қызға үйленеді. Естай Беркімбаев қазақтың халықтық дәстүрін жалғастырған ақын, музыка өнерін дамытуға үлкен үлес қосты. Павлодарда орталық көшелердің бірі Естайдың атымен аталады, ал жақында қалалық Мәдениет сарайына да ақынның есімі берілді. Алдағы уақытта Павлодардағы алаңдардың біріне Естай мен Қорланның қоладан сомдалған мүсіндері қойылмақ.

Атақты «Қорлан» әнінің авторы Естай ақын 72-ге келіп, тіршілікпен қоштасар шағында аласұрып жан досы Нұрлыбекті іздепті. Екі күндік қашық жерде тұратын Нұрлыбек аттан құлап, аяғын сындырып алғанына қарамастан арбаға жамбастай жатып досына жеткен екен. Сонда Естай әбден жұқарып тозуға айналған сұқ саусағындағы жүзігін көрсетіп: «Сүйегіме кіретін қарттарға ескерт. Мына жүзікті жарты ғасыр қолымтай жатамай келгенімді білесің. Ендеше, қалған ғасырларда да саусағымда жарқырап жатсын... Ұлы сезімің кішкене жүзігіне сыйдырған қайран Қорланым-ай!» - деп ағыл-тегіл жылапты.

Махаббат жыры мәңгілік деген осы болар.